Автонесиелеу нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

АССОЦИАЦИЯ ФИНАНСИСТОВ КАЗАХСТАНА

2026 жылдың 1 тоқсанының нәтижелері

Негізгі үрдістер:

- 2026 жылдың 1-тоқсанында банктер автонесиеге 1,2 млн өтінім қабылдады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 11,0%-ға аз. Сұраныстың төмендеуі қатаң ақша-несие шарттарының сақталуы, макропруденциалдық реттеудің күшеюі және автонесиелеудің бірнеше жылғы қарқынды өсімінен кейін нарықтың біртіндеп қанығуы аясында орын алды.
- Өтінімдер санының азаюы аясында жаңадан берілген автонесиелер көлемі 17,7%-ға төмендеп, ₸397,7 млрд деңгейінде белгіленді. Бұл ретте көрсеткіштің құлдырауы жалпы бөлшек сауда нарығымен салыстырғанда (-4,4%) айтарлықтай терең болды, бұл автонесиелеу сегментінің анағұрлым айқын бәсеңдегенін көрсетеді.
- Алдыңғы жылдары сегмент өсімінің негізгі қозғаушы күштерінің бірі болған клиенттік базаның қарқынды кеңею әсері біртіндеп таусыла бастады (бірегей қарыз алушылар саны жыл басындағы 636,6 мыңмен салыстырғанда 666,2 мыңға дейін өсті).
- Нәтижесінде, тоқсан ішінде ЕДБ-ның жалпы бөлшек несие беру көлеміндегі автонесиелердің үлесі өткен жылғы 11,3% көрсеткіштен 9,7%-ға дейін төмендеді.
- Нарық динамикасына баға шарттарының өзгеруі елеулі ықпал еткен болуы мүмкін. Жоғары базалық мөлшерлеме, банктерді қорландыру құнының қымбаттауы, автосалондардың маркетингтік іс-шаралары мен бірқатар науқандық өнімдер ұсынысы ауқымының қысқаруы аясында автонесиелер бойынша орташа алынған мөлшерлеме өткен жылғы 14,8%-бен салыстырғанда 24,3%-ға дейін өсті.
- Реттеудің күшеюі жағдайында қарыз алушыларды бағалауға қатысты консервативті тәсілдердің сақталуы да қосымша қысым көрсетті.
- Өтінімдер бойынша мақұлдау үлесі өткен жылғы 15,7%-бен салыстырғанда 15,4%-ға дейін төмендеді және бөлшек сауда нарығы бойынша орташа деңгейден (21,8%) айтарлықтай төмен болып қалды.
- Жаңадан берілген несиелер көлемінің азаюы аясында автонесиелеудің жалпы портфелі 1,8%-ға шағын өсім көрсетіп, ₸4,1 трлн-ға жетті (өткен жылғы көрсеткіш +8,2%). Бұл бүкіл бөлшек сауда портфелінің 16,3%-ын құрайды.
- Бұл ретте нарық құрылымында ірі несиелер үлесінің арту үрдісі байқалады. Көлемі ₸10 млн-нан асатын қарыздар үлесінің 32,3%-дан 37,1%-ға дейін өсуіне автомобильдердің қымбаттауы да, сұраныстың біртіндеп жоғары баға сегменттеріне ауысуы да ықпал етті.
- Портфель сапасы тұрақты деңгейде қалды. Мерзімі өткен берешек деңгейі 2,9%-ды құрап, бөлшек сауда нарығы бойынша орташа көрсеткіштен (4,4%) айтарлықтай төмен болды. Бұған өнімнің кепілмен қамтамасыз етілу сипаты, қарыз алушыларды іріктеудің қатаңдығы және клиенттердің кепіл затын сақтап қалуға жоғары мүдделілігі оң әсер етті.
- Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында елдегі автомобиль өндірісінің көлемі 44,4 мың дананы құрады. Бұл өткен тоқсандағы рекордтық көрсеткіштен (64,7 мың) төмен болғанымен, өткен жылдың ұқсас кезеңінің деңгейінен (32,3 мың) айтарлықтай асып түсті. Бұл несиеге деген сұраныстың бәсеңдегеніне қарамастан, автомобиль саласында жоғары белсенділіктің сақталғанын көрсетті.
- 2026 жылдың 2-тоқсанында банктер нарықтағы қазіргі үрдістер сақталады деп күтеді. Нақтырақ айтқанда, сұраныс ұстамды деңгейде қалады, ал несие беру шарттары жалпы алғанда қатаң күйінде сақталады.

Автонесилер беру және портфелі*

Халыққа автонесиелер беру



Нарықтың ірі қатысушылары портфелінің өсу динамикасы



** 2026 ж. 1 тоқсанына деректері жоқ, осыған байланысты 2025 ж. деректері қолданылды

Пайыздық мөлшерлемелер және ай сайынғы төлемдер*

Автонесиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер



Несие мен пайыздық төлемдердің орташа сомасы



Деректер көзі: ҚРҰБ, KASE, БКБ

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Автонесие алуға өтінімдер және олар бойынша мақұлдау*

Автонесиеге өтінімдер



Несиелерге өтінімдер бойынша мақұлдау үлесі



Несиелік бөлу және мерзімі өткен берешек

Қарыз алушыларды қарыз сомасы бойынша бөлу



Мерзімі өткен берешек

Нарықтағы белсенділік және автомобиль өндірісі*

Тіркелген автомобильдер мен автонесиелер беру динамикасы



Елдегі автомобиль өндірісі



Деректер көзі: ҚРҰБ, БКБ, ҰСБ ҚР СЖРА

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Бірнеше жылғы озық өсімнен кейін автонесиелеу нарығы экстенсивті дамудың табиғи шектеулеріне көбірек тап болуда. Бұл үрдіс сұраныстың бәсеңдеуінен, жаңадан берілген несиелер көлемінің азаюынан және автонесиелердің бөлшек несиелеудің жалпы серпініне қосатын үлесінің төмендеуінен (2025 жылдың қорытындысы бойынша 13,2%-дан 9,7%-ға дейін) анық байқалды.

Бұл ретте нарықта байқалып отырған бәсеңдеу тек қатаң ақша-несие шарттарының сақталуымен және тартылған ресурстардың қымбаттауымен ғана шектелмейді, ол сондай-ақ клиенттер базасының бірнеше жыл бойы қарқынды ұлғаюынан кейінгі нарықтың біртіндеп толығуымен де байланысты болды. Нәтижесінде бұл сегмент жаңа қарыз алушылар саны есебінен өсу үлгісінен, көбіне сұраныс сапасы мен несиенің қолжетімділігіне негізделген үлгіге ауыса бастады.

Ағымдағы белсенділіктің төмендегеніне қарамастан, нарықтың іргелі сипаттамалары тұрақтылығын сақтап тұр. Автонесие портфелі қалыпты өсімін жалғастырып, ₸4,1 трлн-ға жетті, бұл ЕДБ-нің жалпы бөлшек сауда портфелінің 16,3%-ын құрады. Ал мерзімі өткен берешек деңгейі ЕДБ-нің бөлшек несиелік өнімдері арасындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі болып қалды (нарық бойынша 4,4%-ға қарсы 2,9%).

Мұндай жағдайда сегменттің бұдан былайғы серпінін ең алдымен халықтың төлем қабілеттілігі сұранысы, банктерді қорландыру құны, несиенің қолжетімділігі және ақша-несие саясатының бағыты айқындайды. Мөлшерлемелер жоғары және несиелендіру шарттары қатаң күйінде қалған жағдайда, нарық өткен жылдармен салыстырғанда әлдеқайда қалыпты қарқынмен дамуын жалғастырады.

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

ҚҚҚ талдау орталығы валюталық, қордық, тауар нарықтарындағы экономикалық ахуалдың әр түрлі кезеңділігіне экономикалық шолулар, KASE эмитенттеріне, ҚР Ұлттық Банкінің, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, ҚР Қаржы министрлігінің, Мемлекеттік кірістер комитетінің статистикалық деректеріне, сондай-ақ елдегі ағымдағы экономикалық жағдайға әсер ететін өзге де оқиғаларға талдау дайындайды. ҚҚҚ талдау орталығының материалдарымен ҚҚҚ сайтында танысуға болады.